



ШҚО білім басқармасы
Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің
«Күршім ауылының балабақшасы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны

2. Кадрлық құрамға талдау



Педагогтарының кәсіби құзіреттіліктерін арттыруда балабақшаның алдына қойған мақсаты:

➤ Жаңа білім беру стандартына көшу жағдайындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы міндеттерін шешуге қабілетті, балалар мен атаналардың сұранысы мен қажеттіліктеріне жауап беретін білім беру қызметін ұсына алатын педагогикалық ұжымның кәсіби құзіреттілігінің деңгейін арттыру.

Мақсатты жүзеге асырудың негізгі бағыттары:

- ұжымның сапалы кәсіби дамуын қамтамасыз ететін әдістемелік қызмет жұмысын жетілдіру;
- аттестаттау және аттестациялаушы педагогтарды сүйемелдеу механизмін тиімді қолдану;
- педагогтардың сәтті іс-әрекеті үшін қажетті жағдайларды туғызу және үздіксіз жетілдіру.

Педагогтардың кәсіби құзіреттіліктерін арттыруға туғызылатын жағдайлар:

Педагогтардың кәсіби құзіреттілігін арттырудағы жүйелі жұмысты «Күршім ауылының балабақшасы» ҚР «Білім туралы» заңы мен ҚР 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік білім беру бағдарламасының міндеттеріне сәйкес жүзеге асырады.

Педагогтардың кәсіби құзіреттілігін арттыру үдерісін жоспарлап ұйымдастыруда мынандай бағыттарды алға қойылып, жүзеге асырылды:

- педагогтермен жылдық жұмыс жоспарына сапалы талдау жасау;
- кадрлармен әдістемелік жұмыс және оның теориялық, тәжірибелік бағыттары мен нәтижелілігі;
- жас мамандармен жеке жұмыс;
- тәлімгерлік және өтілдік жұмыстарды ұйымдастыру;
- педагогтердің өздік білім жетілдірулеріне әдістемелік тұрғыда басшылық ету;
- педагогтердің ҒӘК, семинар, педагогикалық кеңеске қатысуы.

Күтілетін нәтижелер:

- өздік білім жетілдіру негізінде кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейінің өсуі;
- тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының абыройы мен қадір қасиетін құрметтей отырып, жоғары имандылық, этномәдени құндылықтарына құрмет көрсетуі;
- өзінің кәсіптік құзіреті саласында тиісті теориялық және тәжірибелік білімді және оқыту дағдыларын меңгере отырып, білім беру қызметінің сапасын арттыру.

2023-2024 оқу жылында балабақшада:

1-меңгеруші

1-әдіскер

1-психолог – дефектолог

1-музыка жетекшісі

12-тәрбиеші жұмыс атқарды.

2024-2025 оқу жылында балабақшамызда жаңа штаттардың қосылуына байланысты педагог кадрлардың құрамы келесідегідей өзгерді:

1-меңгеруші

1-әдіскер

1- психолог

1-дефектолог

1-дене шынықтыру нұсқаушысы

1-бейнелеу өнері педагогі

1-қазақ тілі педагогі

0,5 - логопед

1-музыка жетекшісі

12-тәрбиеші , 3-педагог – ассистент жұмыс атқарды.

Педагог – ассистент мамандар ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ПМПК орталығынан алынған қорытынды анықтамаларының негізінде алынып отырды. Педагогтар бойынша (қазақ тілі педагогі, логопед бойынша) қажетті бос орындар «Епбек.kz - электрондық еңбек биржасы» ақпараттық порталына жарияланып келеді.

2025-2026 оқу жылында балабақшамызда педагог кадрлардың құрамы келесідегідей өзгерді:

- 1-меңгеруші
- 1-әдіскер
- 1- психолог
- 1-дефектолог
- 1-дене тәрбиесі нұсқаушысы
- 1-бейнелеу өнері педагогі
- 1-қазақ тілі педагогі
- 0,5 - логопед
- 1-музыка жетекшісі,12-тәрбиеші
- 3-педагог – ассистент жұмыс атқарды.

Педагог – ассистент мамандар ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ПМПК орталығынан алынған қорытынды анықтамаларының негізінде алынып отырды. ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы»-нда 2026 жылдың «01» наурызындағы мәлімет бойынша 22 педагог жұмыс атқарады. «01» наурыздан бастап музыка жетекшісі Булжанов О.Р зейнеткерлік жасына толуына байланысты өз өтініші негізінде жұмыстан босатылды.

Педагогтар бойынша (музыка жетекшісі, логопед бойынша) қажетті бос орындар «Епбек.kz - электрондық еңбек биржасы» ақпараттық порталына жарияланып келеді.

Педагогтардың барлығы кадрлар біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарынан өткен.

- Басшы-ұйымдастырушы – 1
- Педагог-зерттеуші - жоқ
- Педагог-сарапшы-жоқ
- Педагог-модератор-10
- Педагог - 7
- Жоғары санатты педагог– 1
- I санатты педагог - жоқ
- II санатты педагог –жоқ
- Санаты жоқ – 4

«Күршім ауылының балабақшасы»-ның педагогтары мен қызметкерлердің штаттық кестесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығын басшылыққа ала отырып, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулары балабақша бастауыш кәсіподақ келісімімен бекітілген. Әр қызметкер өз жұмысына сай лауазымдық нұсқаулықпен таныстырылған. Балабақша-бөбекжайы қызметкерлеріне жеке іс-құжаттары жүргізілген (қызметкердің жеке іс-парағы, жеке куәлік көшірмесі, жұмысқа қабылданған бұйрығы, диплом, аттестаттау парағы, еңбек шарты, диспансерлік есебі, соттылығы жоқ туралы анықтама).

2023-2026 оқу жылдары бойынша педагог кадрлардың жасақталу құрамы

№	Педагогтар лауазымы	2023-2024	2024-2025	2025-2026
1	Жалпы педагогтар саны	16	21	23
2	Педагог тәрбиешілер	12	12	12
3	Меңгеруші	1	1	1
4	Әдіскер	1	1	1
5	Психолог	1	1	1
6	Музыка жетекшісі	1	1	1
7	Дене тәрбиесі нұсқаушысы	-	1	1
8	Логопед	-	-	-
9	Бейнелеу пәні педагогі	-	0,75 (қосалқы қызмет)	0,75 (қосалқы қызмет)
10	Дефектолог	-	1	1
11	Қазақ тілі педагогі	-	-	1
12	Педагог-ассистент	-	3	3

Педагогикалық кадрлармен қамтылу туралы мәлімет 2-қосымша

Педагогтардың білім деңгейі 2023-2026 оқу жылы:

Білімі	Оқу жылы		
	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Бейініне сәйкес келетін жоғарғы білім	50%	52%	44%
Бейініне сәйкес келетін орта білім	31%	24%	30%
Педагогикалық қайта даярлау	19%	24%	26%
Барлық педагогтар	16	21	23
Тиісті бейін бойынша Педагогикалық білімі бар педагогтардың үлесі	100%	100%	100%

2023-2026 оқу жылында МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша тәрбиешілердің болуы «Күршім ауылының балабақшасы»-нда 100% құрады.

Мектепке дейінгі ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты

1.«Күршім ауылының балабақшасы»-ның меңгерушісі:

Кудабаева Назым Кокешевна

2.Білімі:

Орта арнаулы: С.Аманжолов атындағы көпсалалы колледж

Мамандығы: «Бастауыш сынып мұғалімі»

Жоғары: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ

Мамандығы: «Бастауыш сынып мұғалімі»

Қайта даярлау: “Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу” ҚР Білім және Ғылым министрлігі “Самғау” Қазақстан педагогтарының біліктілігін арттыру және қайта даярлау республикалық орталығы” ЖШС

Жалпы педагогикалық өтілі: 19 жыл

Балалар контингенті, жас кезеңділігі бойынша саны, оқыту тілі

Оқыту тілі – мемлекеттік тіл

Жобалық қуаты – 140 орын

Балалар саны – 140 бала

Кадр құрамы

Барлығы: 23 педагог

Оның ішінде:

- 16 педагог жоғары білімді:

оның ішінде – 3 «мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандық иелері.

1 - «дефектология»

1 - «музыкатану»

1 – «мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі және педагог – психолог»

1- «дизайн»

8 педагог арнаулы орта білімді:

Оның ішінде:

1 педагог (дене тәрбиесі нұсқаушысы) орта арнаулы

1 педагог (қазақ тілі педагогі) орта арнаулы

1 педагог (әдіскер) орта арнаулы

1 педагог (педагог – ассистент)

4 тәрбиеші («мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту»)

Қайта даярлау курсынан өткен - 6

Меңгеруші -1

Әдіскер – 1

Музыка жетекшісі – 1

Психолог – 1

Дефектолог – 1

Дене тәрбиесі нұсқаушысы – 1

Қазақ тілі педагогі - 1

Тәрбиешілер – 12

Педагог – ассистент – 3
Бейнелеу өнері педагогі– 0,75 (қоса лауазым атқарып отырған)
Аттестаттау нәтижелері бойынша
Басшы – ұйымдастырушы – 1
Жоғары санатты – 1
Педагог – модератор – 10
Педагог – сарапшы – 0
Педагог – зерттеуші – 0
Педагог -7
Санаты жоқ – 4

Қорытынды:

ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы»-нда барлық құжаттама Үлгілік ережелеріне және мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттаманы басқару, Еңбек кодексі, істер номенклатурасына сәйкес жүргізіледі.